Есен Қайыржан: «Еңбек адамына жағдай жасау - компания басымдығы» 3,6

Олар – Ембінің мақтаныштары 4-5

Мұнайшылар әулеті - «Парасатты отбасы» номинациясының иегері 7

Почему я выбрал профессию нефтяника? 8

Арнаулы мерекелік сан

# Ембі тынысы

№17 (57)
қыркүйек
2020 жыл

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

***БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:***
***Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.***



## Құрметті ембілік мұнайшылар!

Сіздерді төл мереке - Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Отбасыларыңызға амандық, береке-бірлік, еңбектеріңізге табыс тілеймін!

Сіздердің кәсіби мерекелеріңізді бұдан да ауқымды деңгейде ұйымдастыруға толық негіз бар. Дегенмен, биыл әлемді жайлаған пандемия көп жоспарымызды өзгертті. Бірақ, төл мерекелеріңізді тіпті атап өтпеуге тағы болмады. Сондықтан, биылғы мерекелік шарамыз осындай форматта өтіп отыр.

Әлемдегі, соның ішінде елдегі ахуалға қарамастан, сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында Компания өндірістік жоспарларды толық орындап келеді. Пандемияның таралуын болдырмау және қызметкерлердің қауіпсіздігі үшін қойылған барлық қатаң талаптарға түсіністікпен қарап, аса күрделі жағдайда еңбек етіп жүрген баршаңызға алғысымды білдіремін.

Компания басшылығы аурудың алдын алу бағытындағы жүйелі жұмыстарды одан әрі жалғастыра береді.

Сіздерді кәсіби мерекемен тағы құттықтаймын! Еліміз басқа түскен бұл ауыр сынақтан сәтті өтетініне және алға қойылған өндірістік міндеттер уақытылы орындалып, Ембінің тарихи шежіресі абыройлы жалғасын табатынына сенім білдіремін.

Есен ҚАЙЫРЖАН, «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы



# Құрметті әріптестер!

Сіздерді Қазақстан Республикасының мұнай-газ кешені қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге зор денсаулық, жұмыстарыңызға табыс, отбасыларыңызға амандық, ырыс-береке тілеймін.

Кәсіби мереке – мұнайшылар еңбегіне көрсетілген зор құрметтің белгісі! Сіздер ауыр өнеркәсіптің барлық жауапты буындарында аянбай еңбек етіп, ел ырысын арттыруға елеулі үлес қосып келесіздер.

Қазақстан экономикасында мұнай-газ саласының маңызы зор. Еліміз 120 жылдан астам уақыттан бері жер нәрін игеріп, отандық өндірістің берік негізі қаланды. Кешегі күннің қиындығын ардагер мұнайшылар еңсеріп, олардың жолын озық технологияларды меңгерген жаңа буын жалғастыруда.

Мұнай-газ саласы уақыт ағымымен дамып келеді. Қазба қор байлығын молайтып, өндіріс қарқынын арттыруда жұмылып еңбек ету – біздің ортақ міндетіміз. «Ырыс алды ынтымақ» дейді дана халқымыз. Бұл ретте еңбек ұжымдарында өзара сыйластық қарым-қатынастардың қалыптасуы өндіріс тиімділігі мен өнімділігін арттыруға септік етеді.

Қазіргі уақытта еліміз, оның ішінде мұнай-газ саласы әлемді жайлаған індет пен мұнай бағасының құлдырауына байланысты көптеген қиындықтарға тап болды. Осындай қиын шақта барлық әріптестеріміз қайсар мінез бен күш-жігер, жоғары жауапкершілікті танытып, табандылықпен еңбек етті. «Саусақ бірікпей, ине іліпейді». Қашанда ынтымақ-бірлігіміз, бір-бірімізге деген жанашырлығымыз азаймасын. Атап өтер жәйт, осындай қиын кезеңде еңбекпен қатар қарапайым халыққа қол ұшын созып, қайырымдылық жасаған барлық мұнайшыларға алғысымды білдіремін. Сіздер ел басына түскен ауыртпашылықты бірге бөлісіп, күшпен де, қаражатпен де жан-жақты қолдау білдірдіңіздер. Мұндай ізгілікті істен «ҚазМұнайГаз»-ға қарасты компаниялар мен кәсіпорындар да тыс қалған жоқ.

Әлемдік экономикалық дағдарыс «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясын да айналып өткен жоқ. Біз дереу қимылдап, дағдарысқа қарсы бағдарламаны әзірлеп, шығындарды қысқарттық. Бұл ретте орталық аппаратта өзгерістер болып, штат саны азайтылды. Алайда біз өндірістегі жұмыс орындарын сақтап қалдық. Себебі «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы өндіріс өзегінде қызмет етіп жүрген қарапайым еңбек адамдарына басымдылық беріп отыр. Алдымызда әлі талай қиындықтарды еңсеріп, дағдарыстан кейін ел экономикасын қалпына келтіру жоғары міндеттері тұр. Ендігі мақсат – ел ертеңі, халықтың кемел болашағы жолында қажырлы еңбек етіп, өз үлесімізді қосу.

Қадірлі мұнайшылар! Кәсіби мереке құтты болсын! Жарқын жетістіктерге бірге жете берейік! Алға қойған міндеттерімізді абыроймен жүзеге асыру жолында сәттілік тілеймін! Еліміз аман болсын, өсіп-өркендей берсін!

**Алик Айдарбаев,**
**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**
**Басқарма төрағасы**

# «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы өзгерді

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімі аяқталғанына байланысты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Басқармасы 2020 жылғы 17 тамыздан бастап жұмыс істейтін Директорлар кеңесінің төмендегі құрамын бекітті:

- Кристофер Джон Уолтон, ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы, тәуелсіз директор;
- Айдарбаев Алик Серікұлы, ҚМГ Басқарма төрағасы;
- Тим Г. Миллер, тәуелсіз директор;
- Филип Малькольм Холланд, тәуелсіз директор;
- Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы, Қор өкілі;
- Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы, Қор өкілі;
- Энтони Эспина, Қор өкілі.

Жоғарыда аталған директорлар Қордың Корпоративтік басқару кодексінің ротация жоспарына сәйкес 3 жыл мерзімге сайланды. Директорлар кеңесінің алдыңғы құрамында тоғыз адам болғанын айта кеткен жөн. Кристофер Уолтон, Ұзақбай Қарабалин, Алмасадам Сатқалиев, Энтони Эспина және Алик Айдарбаев ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде өз қызметін жалғастырады.

Компания бұған дейінгі Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне, атап айтқанда Балжит Каур, Стивен Уайт, Филип Дайер және Луиса Палья да Силваға атқарған жұмыстары және «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ дамуына қосқан үлестері үшін алғыс білдіреді.

Сонымен қатар, Компания жаңадан тәуелсіз директорлар болып сайланған Тим Миллер мен Филип Холландтың жұмысына сәттілік тілейді. Тим Миллердің мұнай-газ саласында халықаралық тәжірибесі мол. Филип Холланд дүниежүзі бойынша ауқымды жобаларды іске асырып жүрген маман.

ҚМГ Директорлар кеңесін нығайту жөніндегі жұмысты корпоративтік басқарудың халықаралық талаптарына сай жалғастыратын болады.

**www.kmg.kz**



**COVID-19**

# «Пандемия кезіндегі трансформация бағдарламасы тұрақтылықты көрсетті» - Дәурен КЕРЕЙБАЕВ

«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ цифрлық трансформациясының жаңартылған бағдарламасы пандемиялық дағдарыс кезінде өзінің тұрақтылығын көрсетті. Бұл туралы брифинг барысында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ цифрландыру және трансформациялау жөніндегі басқарушы директоры Дәурен Керейбаев айтты. Оның айтуынша, цифрландырудың сәтті тәжірибесі бұған мысал бола алады, соның арқасында компаниялар тобында бір мезетте 84% - ға дейін немесе 20 мыңнан астам әкімшілік қызметкер өнімділік пен нәтижелілікке нұқсан келтірмей қашықтан жұмыс істеуге көшірілді.

Д.Керейбаев өткен жылы тұжырымдама жаңартылғаннан кейін трансформация бағдарламасы басқарушылық және өндірістік процестерді қайта құру мен жетілдіруге бағытталғандығын, сондай-ақ компаниялардың негізгі бизнесі, адамдарды дамыту және қауіпсіздік, оның ішінде ақпараттық технологиялар саласындағы жобаларға баса назар аударылғанын атап өтті.

Ол сондай-ақ көптеген адамдардың трансформацияны шығындарды оңтайландыру деп санайтындығын, ал бұл бизнес-процестерді үнемі жақсарту екендігін атап көрсетті.

Нәтижесінде, ағымдағы жылдың өзінде «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ компаниялар тобындағы трансформация жобалары іске асырудан түскен таза пайда 29 млрд теңгені құрады.

«Компанияның әрбір жобасы қаржылық және қаржылық емес түрде көрсетілген нақты артықшылықтарға ие. 2020 жылдан бастап 2024 жылға дейін біз трансформациядан 130 млрд теңге таза пайда алуды күтеміз. Трансформация-бұл біздің портфельдік компаниялардың бизнесін жақсартудың тұрақты процесі. Бұған процестерді оңтайландыру, технологиялық өзгерістер және инновациялық шешімдер арқылы қол жеткізіледі. Осылайша біз олардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырамыз», - деді Д. Керейбаев

Трансформацияның нақты пайдасы туралы айта келе, Дәурен Керейбаев Қордың бенчмарк бойынша, яғни салыстырмалы әдіс бойынша пайданы есептеуден бас тартқанын атап өтті. Енді әр жобаның қаржылық-экономикалық моделі жасалуда, ол компания мен нарықтың барлық ерекшеліктерін ескереді, қаржы-экономикалық блокпен тексеріледі және есептеулер келісілгеннен кейін ғана компанияның бизнес-жоспарына енгізіледі.

Осындай мысалдардың бірі Big Data технологиясына негізделген Abai зияткерлік жүйесі болып табылады, әзірлеушілер - «ҚМГ Инжиниринг» мамандары. Жасанды интеллект геологтар жіберіп алуы мүмкін мұнай кен орындарын анықтауға көмектеседі. «Интеллектуалды» кен орнының осындай технологиялары қазірдің өзінде «Ембімұнайгаз», «Қазгермұнай», «Өзенмұнайгаз» кен орындарында пайдаланылуда.

Д.Керейбаев қорда жаңа шешімдерді үнемі іздеу механизмі енгізілгенін айтты. Қазіргі уақытта Қордың портфельдік компаниялары 50-ден астам жаңа идеялар мен бастамаларды қарастыруда. Атап айтқанда, кеше «Самұрық-Қазына» қорының басқарма төрағасы Ахметжан Есімовтің қатысуымен кеңейтілген отырыс өтті, онда цифрлық трансформация бағдарламасына қатысушылардың периметрі алты компанияға дейін ұлғайды.

**«Самұрық-Қазына» АҚ**

# Есен ҚАЙЫРЖАН, басқарма төрағасы: «Еңбек адамына жағдай жасау - компания басымдығы»

*ҚР Мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында «Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Есен Қайыржанұлымен болған сұхбатымыз Компанияның 2019 жылдың өндірістік қызметінің қорытындысына және ағымдағы жылдың I жартыжылдығының көрсеткіштеріне, алдағы уақытта ұжымның алдында тұрған міндеттерді орындау барысына арналды. Әлемді дүр сілкіндірген коронавирус инфекциясы кезінде туындаған қиындықтармен күрес жәйі де кеңінен сөз болды.*



## COVID-19: компанияның індетпен күрестегі әрекеті

**- Есен Қайыржанұлы, пандемия кезінде компания өз жұмысын қайта құрды. Сұхбатымызды жаһандық дағдарыс кезінде туындаған қиындықтар барысынан, олармен күрес жәйінан бастасақ. Нақты қандай әрекеттер қолға алынды?**

- «Ембімұнайгаз» АҚ Даму тұжырымдамасында көрсетілгендей, адам өмірі мен олардың денсаулығын сақтау – ең басты құндылығымыз. Күнделікті жұмысымызда біз бұл қағиданы әркез назарда ұстаймыз.

Елде COVID-19 төтенше жағдайы енгізілген сәттен бастап «Ембімұнайгаз» АҚ-да сақтандыру шаралары дереу қолға алынды. Біз үшін бұл өте күрделі кезең болды. Өндірістің тоқтап қалу қаупі туындаған кезеңдерді де бастан өткердік. Осыған қарамастан, уақытылы қабылданған шаралардың арқасында барлық кен орындар штаттық режимде қалыпты жұмыс істеп, өндіріс көрсеткіші жоспарға сай жүзеге асты.

Жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, өндіріс үдерісін тоқтатпау мақсатында барлық қажетті іс-шараларды қолға алдық. Ең алдымен компанияның жедел штабы құрылып, кешенді шаралар жоспары жасақталынды.

Коронавирус инфекциясының алдын алу, оны таратпау мақсатында Атырау облыстық өңірлік штабпен тығыз байланыс орнатылды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында барлық қызметтік құжаттар мен кіріс-шығыс құжаттарын жүргізу тек электрондық форматта жүзеге асып, өндірістік жиналыстар бейнеконференциялар арқылы өткізілді.

Жұмыс орындарында қалған барлық қызметкерлер сақтандыру құралдарымен толықтай қамтылды. Өндіріс алаңдарындағы барлық транспорт түрлері күніне 3-4 реттен дезинфекциядан өтіп, әлеуметтік нысандарда инфекцияның таралмауы үшін қосымша профилактикалық шаралар күшейтілді. Вахталық қалашықтардағы мердігер мекемелердің санитарлық жағдайы мен профилактикалық шаралары үнемі назарда болды.

Мемлекеттік органдармен және Атырау облыстық жедел штабпен бірлесе отырып дайындалған алгоритмнің негізгі талаптарының бірі – вахтаға кірісетін жұмысшылар арасында ПТР-тестілеу сынағын ұйымдастыру болды. Еңбек вахтасындағы жұмысшылар саны оңтайландырылып, вахта уақыты алдымен 56 күнге, кейіннен 28 күнге дейін ұзартылды. Бұл - өндіріс үдерісіне келетін қауіпті барынша азайту, мұнайшылардың денсаулығын сақтау мақсатында туындаған тиімді шешім. Вахтааралық кезеңнің ұзақтығы жұмысшылардың денсаулықтарына көбірек көңіл бөлуге жағдай жасады. Қарапайым еңбек адамының қауіпсіздігі үшін жұмыс уақытын да, түскі үзіліс мезгілін де барынша ыңғайлы етіп қайта құрдық.

**- «Ембімұнайгаз» АҚ - әлеуметтік жауапкершілігі мол компания ретінде мұнайлы өңірдегі эпидемиологиялық жағдайға қатысты көмек шараларын ұйымдастыруды назарда ұстады. Компанияның осы кезеңдегі әлеуметтік көмегіне тоқталсақ.**

- Пандемия кезінде жергілікті тұрғындарға көмектесу мақсатында облыстық, аудандық әкімшіліктердің сұранысымен 550 млн. теңге қаражатқа жуық демеушілік көмек көрсетілді. Бұл қаражат Атырау облыстық ауруханаға, №3 қалалық емханаға, Жылыой, Мақат, Исатай аудандық ауруханаларына көмекке және коронавирус инфекциясына шалдыққандарды аса қажет дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге жұмсалды.

Жалпы, карантин кезінде компания бюджетінен 3 миллиардқа жуық теңге көлемінде қаражат бөлініп, бұл ақша компания қызметкерлері үшін медициналық құралдарды алуға, дезинфекциялық жұмыстарды жүргізуге бағытталды. Бұдан өзге облыс аумағындағы сақтық шараларына қатысты заттай көмектер де ұйымдастырылды. Жұмысшылар ерікті түрде облыстың медицина, құқық қорғау органдарының мамандарына қаражаттай қолдаулар көрсетті.

**- Пандемиямен тұспа-тұс келген қиыншылықтың бірі - әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі болды. Қос жаһандық дағдарыс компанияның экономикалық жағдайына қалай әсер етті?**

- Иә, пандемия мен мұнай бағасының төмендеуі компанияның экономикасына кері әсерін тигізді. Компанияның шығындары коронавирустық инфекцияға қарсы ұйымдастырушылық шаралардың қажеттілігіне - қорғаныс құралдарын сатып алуға, санитарлық-гигиеналық шараларға, ПТР тестілеуге және басқа да қажетті карантиндік шараларға байланысты ұлғайды. Өндірісте ауысым уақытының ұлғаюына байланысты мұнайшыларға үстеме ақы төлеуге шешім қабылдадық. Сонымен қатар, жұмысшылардың қаржылық әлеуетін көтеру мақсатында жалақы есебінен аванс беруді де іске қостық.

## Өндірісті жаңғырту үрдістері

**- Әңгіме бағытын өндіріс саласына қарай бұрсақ. Бүгінгі таңда өндірістегі жағдай қалай?**

- 2019 жылы 2 млн 899 мың 693 тонна мұнай (жоспардан тыс 4 мың 693 тонна) мұнай өндіріліп, 2 млн. 874 мың 606 тонна өнім (қосымша 6 мың 856 тонна) тапсырылды. 260 млн 173 мың 367 текше метр газ өндірілді.

2020 жылдың 1-жартыжылдығында 1 млн. 352 мың 867 тонна өнім игеріліп, мемлекет қазынасына 1 млн. 339 мың 736 тонна «қара алтын» тапсырылды. Осы кезеңдегі пандемия мен мұнай бағасының дағдарысына қарамастан, межеден табылдық.

Ембі кен алаңдарының негізгі бөлігі - «өнім берудің соңғы сатысында тұрған» байырғы кеніштер. Бұл орайда, мұнайды жинау және дайындау жүйесі ескіргендіктен, оларды жаңғырту мақсатында «ҚМГ-Инжиниринг» мекемесімен бірлескен жұмыс жүріп, тұжырымдама жасалды. Осы тұжырымданың аясында мұнай жинау шағын пункттерін мұнайды дайындау мен айдаудың орталық пункттерімен жабуға мүмкіндік беретін жаңа технологиялық сызбаларды жасау, жабық жүйелерді жасақтау қолға алынады. Сонымен қатар, моральдық және физикалық тұрғыдан тозған жабдықтар жаңартылады. Осы уақытқа дейін бұл жүйелердің тозуына байланысты жабдықты үнемі жөндеуге мәжбүр болдық. Өндірістің қуатын негізгі функционалдық




*(Басы. Жалғасы 6-бетте)*

Жаңа нысан

# Алтыкөлде екі әлеуметтік нысан пайдалануға берілді

«Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Алтыкөл кен алаңында 50 кісілік жатақхана мен 20 орынды асхана іске қосылды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өзінің қызметінде мұнайшының алаңсыз еңбек етуіне қажеті барлық жағдайды жасауға басымдық береді. Бұл орайда Ембі өндіріс алаңдары әлеуметтік нысандармен толықтай қамтылған, бүгінде оларды жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүріп жатыр. Өндірістегі мұнайшыларға арналған 50 жатақхана мен 32 асхананы заманауи тауарлық-материалдық құндылықтармен толықтай қамту жіті назарда.

Биыл еліміздің мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өндірістегі әлеуметтік нысандар тағы да екі ғимаратпен толықты. «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Алтыкөл кен алаңында 50 орынды жатақхана мен 20 орынды асхана пайдалануға берілді.

**Салтанат Орынбасаров, Алтыкөл мұнай өндіру цехының операторы:** Асхана бізге ұнады. Тамақтанатын бөлмеміз кең, жарық. Гигиеналық талаптар да сақталған. Аспазшылар да дән риза. Ет сақтайтың, көкөніске арналған бөлмелер талапқа сай бөлек-бөлек жабдықталған. «Мұнайшыларға ұсынылатын тағам мәзірін үнемі жаңартуға, толықтыруға мүмкіншілік мол»,- дейді біздің аспазшылар.







**Гүлфара Атагузиева, Алтыкөл жатақханасының меңгерушісі:** Жатақханадағы 25 жатын бөлменің әрқайсысы 2 кісіге арналған. Демалыс бөлмелерінің өзі екіге бөлінген: ерлер мен әйелдер демалыс бөлмелерінде жұмыстан кейінгі бос уақытты тиімді өткізуге барлық жағдай бар. Музыкалық аспаптар мен спорттық жабдықтар да осында, ауыра қалған жағдайда медпункт те жанымызда.

# ОЛАР - ЕМБІНІҢ МАҚТАНЫШТАРЫ

***Қуанышты жаңалық! Ғасырға жуық тарихы бар «Ембімұнайгаз» АҚ-да қажыр-қайратын жұмсап, ұзақ жылдар бойы табысты еңбек еткен, ұжым арасында беделге ие бір топ әріптестеріміз кәсіби мереке – «ҚР мұнай-газ кешені қызметкерлері күніне орай жоғары наградалармен марапатталып отыр. Бар жинаған тәжірибелері мен білімдерін кең алаңдар қуатын арттыруға бағыттаған олар – біздің нағыз мақтанышымыз. Мереке қарсаңында біз марапат иелерін атап өтуді жөн көрдік.***

## ҚР Президентінің Жарлығымен «Қазақстан Конституциясына 25 жыл» мерекелік медалімен



**ТӨЛЕУОВ Бағыт Жексенбайұлы, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай-газ өндіру цехы қабат қысымын сақтау бөлімшесінің жұмысшы агенті қабатқа сіңіретін сорап станциясының машинисі**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін марапатталады. Компанияда 14 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**ҚОЙШЫГАРИЕВ Нұрсұлтан Жақыпұлы, «Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 Шығыс Мақат мұнай-газ өндіру цехының 4 дәрежелі жерастына су айдау сорап станциясының машинисі**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін марапаттала-ды. Компанияда 28 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**ӨМІРЗАҚОВ Жұмахмет, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехы бастығының орынбасары**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, жоғары өндірістік көрсеткіштері үшін марапатта-лады. Компанияда 38 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.

## ҚР Энергетика министрлігінің «Мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін» медалімен:



**ЖҮНІСОВ Мәлік Мұхышұлы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, ауқымды өндірістік көрсеткіштері, ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталады. Компанияда 33 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.

## ҚР Энергетика министрлігінің «Алғыс хатымен»:



**ТАБЫНТАЕВ Серікбай «Доссормұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты және күрделі жөндеу цехының шебері**

Ұзақ жылғы адал еңбегі, атқарылған жұмыстардың жоғары сапалылығы, күрделі және маңызды шараларды шебер атқара білуі және қызметтегі басқа да жетістіктері үшін марапатталады. Компанияда 34 жыл қызмет атқарған.



**ҚҰЛБАЛИЕВ Қайрат Жабасұлы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығы**

ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі, ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, өндірістік жетістіктерге жетуде көрсеткен шеберлігі мен жауапкершілігі, мақсаттарға жетудегі табандылығы үшін марапатталады. Компанияда 21 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**БЕКТІЛЕУОВ Қанат Оңбергенұлы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнай және газ өндіру цехының мұнай және газ өндіру операторы**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, өндірістік көрсеткіштері және ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталады. Компанияда 18 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**ҚУАНШАЛИЕВ Ерболат Темірұлы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Кенбай мұнайды дайындау және айдау цехының шебері**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, жоғары өндірістік көрсеткіштері және ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін мара-патталады. Компанияда 27 жыл-дан астам уақыт қызмет атқарған.

## ҚР Энергетика министрлігінің Құрмет грамотасымен:



**ШӘУЕТОВ Сағындық Хайруллаұлы «Доссормұнайгаз» МГӨБ Мақаттағы мұнай дайындау және айдау цехының механигі**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, атқарылған жұмыстардың жоғары сапалылығы, күрделі және маңызды шараларды шебер атқарғаны үшін марапатталады. Компанияда 33 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**МҰХАМБЕТҚАЛИ Бексұлтан Уахитұлы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ №5 МГӨЦ 5 разрядты мұнай және газ өндіру операторы**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, атқарылған жұмыстардың жоғары сапалылығы, шығармашылық белсенділігі, күрделі және маңызды шараларды шебер атқарғаны үшін марапатталады. Компанияда 31 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**ДӘУЛЕТБАЕВ Марат Кенжеәліұлы «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Бе-реген Жоламанов мұнай және газ өндіру бөлімшесінің элек-тргазбен дәнекерлеушісі**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, жоғары өндірістік көрсеткіштері және ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін мара-патталады. Компанияда 14 жыл-дан астам уақыт қызмет атқарған.

## «Самұрық-Қазына» АҚ Құрмет грамотасымен:



**ӨТЕГЕНОВ Бауыржан Николайұлы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ №1 Қосшағыл мұнай және газ өндіру цехының Акінген кен орны бригадасының мұнай және газ өндіру операторы**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, қойылған өндірістік мақсаттарды орындаудағы кәсібилігі, ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін марапатталады. Компанияда 32 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.

## «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасымен:



**ҚАРҒАБАЕВ Таңатар Төлеуұлы «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы МГӨЦ №4 Ақтөбе-Досмұхамбетов кен орны бригадасының мұнай және газ өндіру операторы**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, өндірістік жетістіктерге жетуде теориялық және тәжірибелік шеберлігін көрсете білгені үшін марапатталады. «Үздік маман» шеберлік байқауында бірнеше мәрте жүлдегер атанды. Компанияда 41 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**ДЖАМБУРИЕВ Серік «Ембімұнайэнерго» басқармасы өндірістік-техникалық топ жетекшісінің орынбасары**

Ембілік кен алаңдарын электрмен үздіксіз қамту, күрделі және жай жөндеу жұмыстарын сапалы жүргізу, электр қондырғыларын тексерудегі абыройлы еңбегі үшін марапатталады. Компанияда 12 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.

## «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ естелік белгісімен:



**ҚАЛЫМБЕТОВ Сергей Әбуұлы «Доссормұнайгаз» МГӨБ №2 Қарсақ мұнай және газ өндіру цехының 4 дәрежелі жер астына су айдау сорап стансасының машинисі**

Ұзақ жылғы абыройлы еңбегі, атқарылған жұмыстардың жоғары сапалылығы, шығармашылық белсенділігі, күрделі және маңызды шараларды шебер атқарғаны үшін марапатталады. Компанияда 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарған.



**НИЯЗҒАЛИЕВ Бағдат Атаниязұлы «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары**

Абыройлы еңбегі, атқарылған жұмыстардың жоғары сапалылығы, шығармашылық белсенділігі, күрделі және маңызды шараларды шебер атқарғаны, ҚР мұнай-газ кешенін дамытуға қосқан үлесі үшін мара-патталады. Компанияда 16 жылға жуық уақыт қызмет атқарған.

## «Ембімұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасымен:

**ЖЫЛҚЫШИЕВ Мәлік Жолдасқалиұлы**
«Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директор;

**ЕСЕЕВ Құбаш Нұрбенгенұлы**
«Ембімұнайгаз» АҚ бухгалтерлік есеп бөлімінің аға бухгалтері;

**УӘЛИЕВА Гүләйым Шорақызы**
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбек қатынастары және кадрларды әкімшіліктендіру бөлімі бастығы;

**ШАБДИРОВ Айбар Насіпқалиұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ №3 Шығыс Мақат МГӨЦ 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру операторы;

**МЫРЗАҒАЛИ Елібай Нариманұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ газ дайындау учаскесінің шебері;

**НАРМАҒАМБЕТОВ Қамал Теңізұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің 5 дәрежелі слесарь-жөндеушісі;

**ӘБДРАХМАНОВ Қадырбек Қайрғалиұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының (жерасты қысымын сақтау) шебері;

**БЕКҚАЛИЕВА Алуаш Қайыржанқызы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстарын жүргізу цехының 5 дәрежелі ұңғымаларды зерттеу операторы;

**ӘЖІҒАЛИЕВА Анар Бағытқалиқызы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ Солтүстік Жолдыбай кен орны жұмысшылар жатақханасының коменданты;

**ДАУЛЕТӘЛИЕВ Әзберген Амангелдіұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ Доссордағы мұнай дайындау және айдау цехының 5 дәрежелі электргазбен дәнекерлеуші;

**САҒЫНҒАЛИЕВ Айхан Ламихаұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техникалар және автокөліктер керуенінің бастығы;

**СҰЛТАНБЕКОВ Құрмет Сұлтанбекұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ арнаулы техникалар және автокөлік керуенінің 6 разрядты цементтеу агрегатының мотористі (машинисі);

**РАХМЕТОВ Қуат Идиятоллаұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ өндірістік құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау учаскесінің 5 разрядты электргазбен дәнекер-леушісі;

**ҚҰЛҒАЛИЕВ Жасұлан Нұроллаұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ орталық инженерлік-технологиялық қызмет басшысының орынбасары;

**ҚАДЫРБЕКОВ Махамбет Қадырбекұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №2 МГӨЦ 4 разрядты слесарь-жөндеушісі;

**ТӘЖЕНОВ Маратбек Амантайұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғыларды жерасты жөндеу цехының бастығы;

**ДҮЙСЕНБАЕВ Сәрсенбай Тазанбайұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы ұңғыларды жерасты жөндеу цехының ұңғыларды жерасты жөндеу операторы;

**БЕШІМОВ Қайрат Құлбарақұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің ЦА мотористі (машинист);

**АЙДАБАЕВ Аманжол Құлмұрзаұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы автокөлік және арнаулы техника керуенінің ЦА мотористі *(машинист)*;

**КӨПТЛЕУОВА Қарлыға Отаубайқызы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ № 2 Терең-Өзек МГӨЦ №2 мұнай өндіру бригадасының мұнай және газ өндіру операторы;

**ҚҰСАЙЫНОВ Аманбай Өмірұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы өндірістік құралдарды жөндеу және пайдалану цехының темір жонушысы;

**БАЙБОЛОВ Ербол Байболұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы ұңғыларды жерас-ты жөндеу цехының ұңғыларды жөндеу жөніндегі шебері;

**СИСЕНОВ Аманқос Аманкелдіұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ қолданыстағы құрал-жабдықтарды жөндеу және прокаттау бөлімшесінің темір жонушысы;

**КАРМАНОВ Сергей Сайнұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ жылу, газ, сумен қамтамасыз ету бөлімшесінің апаттық қалпына келтіру жұмыстарының жөндеушісі;

**САЛЫХОВ Руслан Боранғалиұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстары цехының зерттеу жөніндегі инженері;

**АЙТҚОЖАҚОВ Еділ Чапайұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ нысандарды ағымдағы жөндеу бөлімшесінің тас қалаушысы;

**ҮМІТБЕКОВ Асқар Әлімгерейұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Уаз, Қондыбай мұнай және газ өндіру бөлімшесінің механигі;

**БАҒЫТЖАНОВ Ернар Маратұлы**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Прорва» аудандық электр торабының 3-дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері;

**ӘЛИЕВ Қайыржан Сатжанұлы**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Қайнар» аудандық электр торабының 1 санатты еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері;

**ДЯТЛОВ Антон Вадимович**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Жайық» аудандық электр торабының реттеу және сынау жөніндегі инженері;

**КАРАКУШИКОВ Бек Аманбайұлы**
Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау басқармасының бастығы;

**АЙЖАРЫҚОВ Азат Сисенұлы**
ӨТҚжЖКБ өндіріске қызмет көрсету учаскесінің жөндеуші-слесарі;

**ЗАКАРОВ Есенжан Бекбергенұлы**
ӨТҚжЖКБ қойма шаруашылы-ғының жүк қармалаушысы;

**ЕСЕНҒАЛИЕВ Ислам Ізжанұлы**
ӨТҚжЖКБ Құлсары базасының қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы.

## «Ембімұнайгаз» АҚ Алғыс хатымен:

**МҰҚАНҒАЛИЕВ Жанболат Жұмағалиұлы**
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;

**ТӨРЕСАЕВ Мәлік Қапанұлы**
«Ембімұнайгаз» АҚ көлік департаменті автокөлік бөлімінің бастығы;

**АЯЗБАЕВА Гүлжан Максотқызы**
«Ембімұнайгаз» АҚ күрделі құрылыс департаментінің жобалау-сметалау жұмыстары жөніндегі инженері;

**ҚОРДАШЕВ Руслан Отарбайұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ №1 Ботақан мұнай және газ өндіру цехының 5 дәрежелі электргазбен дәнекерлеушісі;

**ІЗІМҰЛЫ Рахман**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ №4 Доссор мұнай және газ өндіру цехының 5 дәрежелі слесарь-жөндеушісі;

**ҚАРТЖАНОВ Арғын Наурызұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің Доссор автокеруенінің 5 дәрежелі цементтеу агрегатының (машинист) моторисі;

**ОРАЗҒАЛИЕВ Мұхамбет Жұмабайұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің Доссор автокеруенінің 5 дәрежелі автокөлік жүргізушісі;

**ИСМАГУЛОВ Қайрош Жанашұлы**
«Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның ғимараттарды ағымды жөндеу учаскесіне қарасты 4 дәрежелі мәдени тұрмыстық обьектілерді жөндеу, қамсыздандыру бригадасының жөндеуші-слесарі;

**ҚҰСПАНОВ Жанқожа Байболатұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №1 МГӨЦ 5 разрядты мұнай және газ өндіру операторы;

**СҰЛТАНОВ Ғилым Ғалиахпарұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу цехының ұңғымаларды жөндеу жөніндегі шебері;

**СӘРСЕНҒАЛИЕВ Әнуар Базарғалиұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ нысандарды жай жөндеу учаскесі-нің 3 разрядты вентиляция жә-не кондиционерлерге қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жөндеушісі;

**НАСИХАНОВ Қайрат Атоллаұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 МГӨЦ Гран кенорнының мұнай және газ бен конденсат өндіру шебері;

**ЛҰҚСАНОВ Исатай Амантайұлы**
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ №3 МГӨЦ 4 разрядты слесарь-жөндеушісі;

**БЕКТАСОВ Аманжол Бауыржанұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ газ дайындау және күкірт алу цехының цех бастығы;

**НӘДІРОВ Шота Дүйінбайұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы мұнайды дайындап айдау цехының технологиялық қондырғылар жөндеушісі;

**ОҢҒАРАЛИЕВ Бауыржан Ғалымжанұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ зерттеу жұмыстар цехының бастығы;

**ҚОЖАРОВ Мұрат Түркменбайұлы**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Прорвадағы механикалық жөндеу шеберханасының фрезеровщигі;

**ҚҰЛБАЛИЕВ Сембай**
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Құлсарыдағы мұнайды дайындап айдау цехының Қаратон мұнай дайындап айдау учаскесінің тауар операторы;

**ОРЫНБАСАРОВ Әлібек Орынбасарұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ өндірісті автоматтандыру бөлімінің инженері;

**ЖЕТІБАЕВ Қайырғали Шүкірұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Кенбай МГӨЦ қабат қысымын ұстау бөлімшесінің инженер-технологі;

**МҰСАҒАЛИЕВ Жәнібек Шамшиденұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ ұңғымаларды жерасты жөндеу операторы;

**ҚАБИЕВ Беркәлі Қарасайұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ арнаулы техника және автокөлік керуенінің экскаватор жүк тиегішінің машинисі;

**НАУРЫЗБЕКОВ Марат Құсайынұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының слесарь-жөндеушісі;

**ЖОЛДАМБАЕВ Бауыржан Бабаханұлы**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Құлсары» аудандық электр торабының 4-дәрежелі электр жабдықтарын жөндеу және қызмет көрсету электромонтері;

**ОСПАНОВ Сәрсенбек Сабырұлы**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Мақат» аудандық электр торабының шебері;

**УТКЕМБАЕВ Кайырмұқан Елемесұлы**
«Ембімұнайэнерго» басқармасы «Доссор» аудандық электр торабының сынау және реттеу жөніндегі инженері;

**НҰРМАҒАНБЕТОВ Аслан Аманжанұлы**
ӨТҚжЖКБ қойма шаруашы-лығының жүк қармалаушысы;

**ХАИРОШЕВ Сабыржан Елжанұлы**
ӨТҚжЖКБ арнайы техника және автокөліктер гаражының автокөлік жүргізушісі;

**ДАБЫСОВ Жомарт Сәкеұлы**
ӨТҚжЖКБ Құлсары базасының қойма шаруашылығының жүк қармалаушысы.

**ҚАБИЕВ Алаш Бақтыгерейұлы**
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ материалдық-техникалық жабдықтау бөлімінің бастығы

# Есен ҚАЙЫРЖАН, басқарма төрағасы: «Еңбек адамына жағдай жасау - компания басымдығы»

*(Жалғасы. Басы 3-бетте)*



міндеттерді орындауға емес, жабдықтарды жөндеуге жұмсап келгеніміз рас. Жоғарыда аталған шаралардың толық орындалуы мұнайшыларымызға өз күштерін ескірген жабдықты жөндеуге емес, басты міндеттерін орындауға жұмсауына мүмкіндік береді.

Ембі кен алаңдарының негізгі бөлігі - байырғы кеніштер болуына орай, қазіргі таңда көп кен орындарында мұнай қоры төмендеп, ұңғыма өнімдерінің суланыуына байланысты мұнай дебиті азайып, жабдықтардың физикалық тозуына қатысты туындаған проблемалар бар. Алайда, мұнайшылардың тынымсыз еңбек етуінің арқасында мұнай ұңғымаларының санын азайтпай мұнай өндіру жоспарын тұрақты орындап отырмыз.

Әрқайсыларыңызды Ембіде қалдық мұнай қоры қанша немесе мұнай қанша қалды деген сұрақтар мазалайтыны рас. Бұл сұраққа қарапайым тілмен былай жауап берер едім. 2020 жылдың 1 қаңтарындағы көрсеткіш бойынша қалдық мұнай қоры 86,2 млн тоннаны құрап отыр. Былтырғы жылғы көрсеткішпен (74,3 млн. тн) салыстырғанда 12 млн тоннаға көп. Бұл пайдалы қазбалар қоры жөніндегі ҚР Мемлекеттік комиссиясы С.Нұржанов, Кенбай (Шығыс Молдабек учаскесі), Досмұхамбетов, Ботахан және жаңадан ашылған Батыс Қарасор кен алаңдарының қосымша баланс қорын қайтадан санап бекітуіне байланысты.

Дегенмен, қазіргі таңда қалған мұнай қорын игеру мәселесінде орын алған проблемалар жеткілікті. Өйткені бұл қордың жартысына жуығы қиын өндірілетін мұнай қатарына жатады. Кейбір мұнай қабаттары өте тайыз (150-300 м), мұнай тұтқырлығы жоғары (200-1500сПз), құм аралас өнім береді және тез суланады. Кейбір қабаттары терең (2500-3300м), өткізгіштігі өте төмен (5-20мД) соған байланысты қабат қысымы азайып ұңғыманың газ беру дебиті көбейіп, осыдан келіп үлкен қиыншылықтар туындауда.

Бұл мәселерді шешу жолында Ембіде алғаш рет ұңғымаларды горизонталды бұрғылау, кен қабатын гидравликалық жару, қабатқа полимерлік қоспаны айдау, ұңғыма түбіне қыздыру қондырғыларын орнату, пластикалық штангалар арқылы сорапты тереңге жіберу сияқты жаңа технологияларды өндіріске енгізіп отырмыз.

2019 жылы Ембі кен алаңдарында 5 ұңғыма горизонталды қазылып, жақсы нәтижеге қол жеткіздік. Бұл әдіс ұңғымалар қалыңдығы 2-5 м қабат ішімен немесе қабат астындағы суда қалқып тұрған мұнай қабатымен жүргізіліп, дебиті жоғары өнім алуға мүмкіндік берді. Оның вертикалды ұңғымаларға қарағанда артықшылығы басым. Соған байланысты 2020 жылы тағы да тоғыз ұңғыманы горизонталды бұрғылау жоспарына енгіздік.

Ұңғыма өнімдерінің сулану проблемасын шешу өзекті саналады. Былтырғы жылы 234 ұңғымаға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның 120 операциясы суды тию жұмыстары. Нәтижесінде қосымша 19,6 мың тонна мұнай өндірілді.

Өткен жылы «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарының күшімен ауқымды аналитикалық жұмыстар жүргізілген болатын. Жиналған, зерттелген материалдардың негізінде Каспий маңы ойпаттарының тұз үсті қабатын қосымша кешенді зерттеу керек екендігі анықталды. Сонымен қатар, Каспий маңы ойпатының орталық бөлігінде жаңа кеніштердің ашылу мүмкіндігі зор.

Осы бағыттағы жүйелі жұмыстардың нәтижесінде С.Нұржанов кен орнының бұрғыланбаған бөлігіндегі триас шөгінділерінде 3252 - 3265 м тереңдікте жаңа өнімді горизонт анықталды.

2019 жылы Қызылқоға ауданы аумағында орналасқан Тайсойған блогында ауқымды далалық сейсмикалық барлау жұмыстары жүргізіліп, аяқталды. Бұрын - соңды бұл ауданда толыққанды барлау жұмыстарының жүргізілмегендігін ескерсек және сейсмикалық жұмыстардың қорытындысына сүйенсек, бұл өңірде жаңа кеніштің ашылу мүмкіндігі бар деп есептейміз.

**- Әңгіме бағытын Ембі өндірісінің маңызды саласының бірі – құрылыс жұмыстарына бұрсақ.**

- Ембі өндіріс алаңдарындағы құрылыс жұмыстарында алдымен әлеуметтік нысандардың құрылысына жоғары мән береміз. Бүгінде кен орындары әлеуметтік ғимараттармен толықтай қамтылып, енді оларды жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүріп жатыр. Өндірістегі 50 жатақхана мен 32 асхана қажетті тауарлық-материалдық құндылықтармен толықтай қамтылуда. 2019 жылы «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының Аққұдық кенішіндегі жатақхана мен асхана, Прорвадағы «Каспий самалы» мұнайшылар қалашығындағы №1, №2 асхана күрделі жөндеуден өтті. «Доссормұнайгаз» басқармасының Алтыкөл кен орнындағы өртеніп кеткен жатақхананың орнына 50 орынды жатақхана мен 20 кісілік асхана іске қосылды.

Алда «Қайнармұнайгаз» МГӨ басқармасының Кенбай кен алаңындағы №3 жатақханаға күрделі жөндеу жүргізіліп, Уаз кенішіне жаңадан 30 орынды асхана, Гран мен Қосшағыл кен орындарында 20 орындық асхана құрылысы жоспарлануда.

Өндіріс нысандарының да құрылысы талапқа сай. 2019 жылы күрделі құрылыс жұмыстарының жоспарына сәйкес Шығыс Мақат мұнай дайындау пунктінде технологиялық сорап стансасының, Б.Жоламанов орталық жинау пунктінің өрт сөндіру жүйесінің, Прорва орталық мұнай дайындау пунктінің технологиялық сорап стансасының, Шығыс Мақат кен орнына факел шаруашылығының орталық жинау-даярлау пункті, Жанаталап кен орнын электрмен жабдықтау сенімділігін артыру жұмыстары жүзеге асып, іске қосылды.

2020 жылға бекітілген өндіріс жоспарында күрделі құрылыс жұмыстарына 16,4 млрд. теңге қаражат қарастырылған болатын. Алайда, пандемияға орай кейбір құрылыс жұмыстарын кейінге қалдыруға тура келді. Сол себепті, құрылыс жұмыстарына бөлінген қаражат 4 млрд теңгеге қысқартылды. Бүгінде өндірісте аса маңызды саналатын құрылыс жұмыстарын жүргізіп жатырмыз.

Ұңғымалардың өнім беру көрсеткішін арттыру мақсатында өзінің тиімділігін көрсетіп жүрген жұмыстардың бірі – оларға күрделі жөндеу жұмыстарын (КРС) тұрақты ұйымдастыру. Қойнауқаттың өнім беру деңгейін көтеру мен кен аймағын қалпына келтіру үшін 2020 жылы 75 ұңғымаға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылып отыр. Жөндеу жұмыстарынан кейін қосымша 21 740 тонна мұнай аламыз деген болжам бар. «Жайықмұнайгаз» МГӨБ С.Балғымбаев кенорынның технологиялық сораптың құрылысы, Қаратон-Терең-Өзек кен аралық 30 шақырымдық газ құбырын жөндеу, «Доссормұнайгаз» МГӨ басқармасында төрт әлеуметтік нысан құрылысы мен Шығыс Молдабек кенішіндегі шағынфазалық сорап стансасының құрылысы - кезегін күткен шаралардың бірі. Осы жылы Оңтүстік-Батыс Қамысты - С.Балғымбаев кен алаңдары арасындағы 15,4 шақырымдық мұнай құбырын қайта жөндеу жұмыстарын жоспарлап отырмыз. Байшонас пен Қарсақ кен аралық өндірісішілік 2 шақырымдық жол, С.Балғымбаев кенішілік жолдардың сапасын жақсарту, Шығыс Мақат кен орнындағы 15,6 шақырым және Ботахан кен орнындағы 7,3 шақырым автокөлік жолдарын салу жобалары дайындалып, 2021-2022 жылы аталған жобалар іске асырылады деп күтілуде.

## Мен ұстанған 5 қағида

**- Мұнайшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың алаңсыз еңбек етулеріне бар мүмкіншілікті орнату – өзектілігін жоймайтын шара. Әңгімемізді әлеуметтік салаға қарай бұрсақ.**

- Мен қай жерде, қандай ұжымда қызмет етпейін, жұмыс барысында ұстанған 5 қағидам бар. Олар:

*1. Еңбек адамының жататын орнының жайлы болуы;*

*2. Ішетін тамағының сапасы;*

*3. Қауіпсіз ортада еңбек етуіне жағдай жасау;*

*4.Жұмысшылардың арнайы жұмыс киіммен толық қамтылуы, құрал-саймандардың жеткілікті болуы,*

*5. Жалақысы дұрыс есептеліп, кідіріссіз берілуі.*

Жұмыс беруші осы мәселелерді тұрақты назарда ұстап отырса ешқандай проблема болмайды. Жоғарыда аталған 5 қағиданы толық орындаған басшы ғана жұмысшыдан табысты еңбекті талап ете алады. Сол себепті, әр басшының ұстануы тиіс қағидалар деп есептеймін.

Иә, пандемия салдарынан біраз әлеуметтік іс-шараларды қысқартуға тура келді. Алайда, күрделі кезеңге қарамастан, Компанияның 2017 - 2021 жылдар аралығында бекітілген Ұжымдық шарттың талаптарын толық сақтадық. Қызметкерлерді әлеуметтік қолдау бағытындағы барлық міндеттерді (сауықтыру төлемдері, дәрі-дәрмектермен қамту, мұнайшы балаларына көмек т.б.) орындап отырмыз. Жыл басынан бері 207 млн теңге қаражат осы мақсатта жұмсалды.

Сонымен қатар, ұзақ жылдар Ембі өндірісінде еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлік демалысқа шыққан 2 000-ға жуық ардагеріміз ұдайы қамқорлығымызда. 2020 жылдың алғашқы жартысында 413 млн теңгеден астам қаражат зейнеткерлерді әлеуметтік қолдауға жұмсалған.

Мұнайшы балаларына жасалып жатқан көмектерге қатысты биылғы өзгерісті айта кеткім келеді. «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері балаларының демалыс қаражатын төлеу» Ережесіне сай 7-14 жас аралығындағы балалардың жазғы демалысы үшін берілетін 150 000 теңгенің пайдалану ауқымын биыл кеңейттік. Бұл қаражатты елдегі қашықтықтан оқыту жүйесіне орай балаларға мектеп қажеттіліктерін алуға (компьютер/ ноутбук/ планшет, оқу құрал-жабдықтары т.б.) рұхсат беріп отырмыз. Компания тарапынан осы мақсатқа берілген қаражаттың жұмсалуы жөніндегі қажетті құжаттарды тапсыру - әр ата-ананың өз жауапкершілігінде.

**- Бүгінде ембілік мамандарды алаңдатқан мәселенің бірі - жұмыстан қысқартылу. Себебі, қазіргі елдегі экономикалық жағдайға орай, кейбір мұнай-газ компаниялары шығындарын оңтайландыруды қолға алып жатыр. Бұл мәселе біздің компанияға қаншалықты қатысты?**

- Иә, бұл мәселе бүгінде көпшілікті толғандыратыны рас. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Алик Айдарбаев пандемия кезіндегі Атырау облысында болған сапарында өндіріс мамандарының жұмыс орындарын сақтау барысына ерекше тоқталып, олардың қысқартылмайтындығын баса айтты. Елдегі қиын-қыстау кездерде біз жағдайға бейімделе білдік. Вахталық ауысым жұмысы оңтайландырылды, бірде-бір жұмысшы қысқартылған жоқ.

Ембі өндірісінің бүгінгі жағдайына талдау жасағанымызда, өндіріс мамандарының тапшылығы байқалды. Сондықтан, біздің алдымызда өндіріске мамандарды дұрыс бөлу, қажетті мамандарды компания ішінде ауыстыру міндеті тұр.

Мұнайшылардың төл мерекесі қарсаңындағы осы сұхбатты пайдалана отырып, әлем елдерін алаңдатқан коронавирус инфекциясы кезіндегі қиын сәттерде



«бір ортаға жұмыла білген» ембілік мұнайшылардың ұйымшылдығына алғыс айтамын. Пандемия кезінде мен сіздермен корпоративті басылым - «Ембі тынысы» газеті мен әлеуметтік желідегі компанияның парақшалары арқылы тығыз байланыста болдым. Сіздердің күнделікті жұмыстарыңызды, хал-жағдайларыңызды жіті назарда ұстадым. Өндірісте дау-дамай туындаған жоқ. Барлығымыз бірлесе отырып өндірісті тоқтатпауға жұмыстандық. Бүгінде қиындықтарды еңсеріп, өндірісте жағдай тұрақтануда десек, ол, алдымен, татулық, бірліктің нәтижесі. Басқармалардағы жауапты мамандардың компанияның жедел штабымен бірлесе отырып, проблемаларды дереу көре біліп, дер кезінде тиімді шешім қабылдай білгендіктерін баса айтқым келеді.

Алдағы уақытта 2019 жылдың қорытындысы мен 2020 жылдың І-жартыжылдығының көрсеткіштеріне және алдағы міндеттерге арналған есептік кездесуімді ұйымдастыруды жоспарлап отырмын. Сол кездесуде сіздерді алаңдатқан мәселелерге кеңінен тоқталып, бүгінгі жағдайға қатысты жәйттарға толыққанды жауап бермекшімін. Ұжымдағы қандайма мәселе болмасын бірлесе ақылдасып шешетін болсақ, ешқандай да проблема болмайтыны анық. Қазақта «келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Күні бүгінге дейін не тындырдық, нәтижеміз қандай, өзекті қандай жағдайды ескермей қалдық, алда қандай мәселеге назар аударуымыз керек осы сияқты сауалдарға көп болып ой тастауымыз қажет.

Қазақ мұнайының бастауында тұрған – Ембі өндірісін дамыту жолындағы еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық тілеймін.

***Мереке құтты болсын, әріптестер!***

**-Сұхбатыңызға рахмет!**



# Мұнайшылар әулеті - «Парасатты отбасы» номинациясының иегері

*Қазақ мұнайының бастауында тұрған Ембі өңірінің алғашқы кеніштері Доссор жерінде. Мұнай кәсіпшілігінің бой көтеруімен бірге көптеген мұнайшылар әулеттері қалыптасты. Қазақ елі мұнай-газ саласының бастауында тұрған мұнайшы әулеттерінің бүгінгі ұрпақтары тәуелсіз қазақ елінің экономикасын дамыту жолында тер төгуде.*

Доссор өңіріндегі мұнайшы әулеттерінің бірі - Жылқышиевтер отбасы. Олардың жалпы еңбек өтілі – 200 жылдан астам уақытты құрап отыр. 1911 жылы Доссор кеніші ашылған кезде өндіріске ілініп, түйемен Ракуша елді мекеніне мұнай тасып жеткізуіне қатысқан. Кейін өндіріске төселе келе ұңғымаларды жер асты жөндеу жұмыстарында кілтші, өндіріс шебері болып еңбек еткен. Кеудесіне Ленин орденін, Еңбек Қызыл Ту орденін таққан Қайырғали қарттан тараған ұл-қыздар бүгінде Ембі өңірлерінде абыроймен еңбек етуде.

Қайырғали қарттың 3 ұлы мен 4 қызының арасынан ұлдары өздерінің еңбек жолдарын мұнай-газ саласына арнаған. Дәрменғали, Жолдасқали, Ермекқали ұлдары әке жолын жалғап, Ембі өңірінің ыстығы мен суығына көнді. Әкеден көрген өнегемен абырой биігінен табылуға тырысып-бақты. Ембі өндірісінің жақсы жұмыстарында олардың да зор үлестері бар.

«Доссормұнайгаз» басқармасында ұзақ жылдар еңбек етіп, 51 жыл еңбек жолын Доссор өңірінің дамуына арнаған Ермекқали Жылқышиев қойнауқаттың қысымын сақтау барысында машинистің көмекшісі, машинист, мұнай өндіру операторы, өндіріс шебері болған кездерде уақытпен санаспай, таң атқаннан - күн батқанша бел жазбастан еңбек етті. Әріптестерінің ортасында сыйлы болды.

1989 жыл - еліміз бойынша жұмысшылардың мүддесін қорғау мақсатында Кәсіподақ ұйымының кең бел ала бастаған кез. Әріптестері Ермекқали Қайырғалиұлына «қарапайым еңбек адамының мұң-мұқтажын жоғары жаққа тиісті деңгейде жеткізіп, одан нәтиже шығару жолында жұмыстануға» ұсыныс жасайды. Міне, сол кезден бастап Е.Жылқышиев күн-түн демей өндірісті аралап, мұнайшылармен қоян-қолтық араласты. Оларды алаңдатқан мәселелермен кеңінен танысып, проблеманың дереу шешілуі жолында тер төкті.

Мұнайшылық кәсіп - ауыр еңбектің бірі. Осыны ескерген кәсіподақ ұйымы мұнайшылардың күнделікті ауыр жұмыстан кейінгі бос уақыттарын тиімді де пайдалы өткізулері жолында біраз тер төкті. Мұнайшылар арасында салауатты өмір салтын дамыту мақсатында жатақханаларды спорт құралдарымен толықтай қамтып, Доссор жерінде спорт кешенінің іске қосылуы жолында



жұмыстанды. Бүгінде доссорлық спортшылар облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі спорт шараларынан жүлделі оралып жатса, бұл табыста Ермек Жылқышиевтің де үлесі зор екенін атап өткен жөн.

2016 жылы зейнеткерлікке шықты. Әкенің мұнай кәсіпшілігіндегі еңбек жолын ұлы Еркін Жылқышиев жалғастыруда. Ол «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Ботахан кен алаңының операторы.

Қайырғали қарияның ортаншы ұлы Жолдасқали мұнайшылық кәсіптегі 43 жылдан астам уақыт еңбек жолында көлік жүргізушісі болып, өндіріске аса қажетті заттарды дер кезінде жеткізумен айналысқан. Жұбайы Талшын сол кездерде Доссордағы іргелі кәсіпорын - көлік жөндеу зауытында темір жонушысының көмекшісі болып 18 жасында еңбекке араласады. Қыз балаға ауыр саналатын темір жонушылықты тез меңгеріп, өзін еңбек ортасына іскер маман ретінде көрсете біледі. Басшылар жас қыздың жоғары жауапкершілігін, жұмысқа деген ынтасын жоғары бағалап, Доссор мұнай өндірісіне мұнай өндіру операторының көмекшісі ретінде жаңа жұмысқа жібереді. Бұл жұмыста да Талшын өзін тек жақсы қырларымен көрсетіп, қабат қысымын сақтау операторы болып табысымен ерекшелене біледі. Өндірісте еңбек ете жүріп, ұжымдағы қоғамдық жұмыстардың да бел ортасынан табыла білген мұнайшы қыз Талшын кейіннен ұзақ жылғы абыройлы еңбегінің жемісін көріп, II және III дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегері атанады. Мәскеу қаласындағы Коммунистік партияның кезекті съезіне мұнайшылар арасынан делегат болып та қатысып келеді.

Жолдасқали мен Талшынның тараған 5 баланың үшеуі Ембі өндірісінің мамандары. Үлкені Берік Жылқышиев Доссор механикалық цехында слесарь болып еңбек еткен, бүгінде дүниеден озды. Ортаншы ұл Мәлік Жылқышиев бүгінде «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директор болып еңбек етуде. Қазақ политехникалық институтын «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша, Атырау мұнай және газ институтын «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша бакалавриатың, Қазақстан-Британ Техникалық университетің, Уфа мемлекеттік мұнай техникалық университетін- экономика және бизнес магистрін бітірген. Мәлік Жылқышиев Ембі өндірісінің біраз кеніштерінде еңбек жолын қарапайым жөндеуші болып бастап, әр деңгейдегі лауазымды қызметтерге көтеріле білді.

М. Жылқышиев «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да еңбек еткен жылдарда Ембіде алғаш рет тың әдіс - өндіріс алаңдарындағы тербелмелі качалкаларды электрлі бұрандалы сораптарға алмастыру қолға алынады. Жаңа әдістің өндіріске батыл қолданысына белсене үлес қосқан Мәлік жаңа технологияның іске қосылуымен Шығыс Молдабек кенішінде мұнай жинақтау учаскесін іске қосу жұмыстарына қатысып өндіріс көрсеткішінің айтарлықтай өскенін айтады.

Оның «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да қызмет еткен жылдарында игерілген мұнайды 1-топпен тапсырудың қиындығы орын алады. Сол кездегі қолданыстағы химреагенттердің құрамын өзгерту мәселесі туындап, мәселені шешу жолында кәсіпшілік басшылары көптеген ғылыми институттармен бірлесе еңбек етеді. Оң нәтижеге қол жеткізіп, Қайнар мұнайын талапқа сай I топпен қазынаға тапсыруға қол жеткізді.

«Доссормұнайгаз» МГӨБ-да қызмет еткен жылдарында Шығыс Мақат кен алаңында мұнай өндіруінде ілеспе газға қатысты тағы да проблема туындайды. Шығыс Мақат кен алаңынан өндірілген ілеспе газдың белгілі бір мөлшері өндірістің қажеттілігіне жұмсалды. Алайда, газдың көптігінен өнім көрсеткішін азайтуға тура келді. Осыдан келіп, жергілікті мұнайшы мамандар Шығыс Мақат кен алаңына ілеспе газды тазартып, оны қадеге жарату мәселесін жоғары басшылықтың назарына әлденеше рет ұсынып, соңында шағын зауыттың салынуына қол жеткізеді. Бүгінде бұл кеніштен өндірілген газ өндірістің қажетімен бірге, Мақат, Қызылқоға аудандары тұрғындарының сұраныстарын толығымен өтеп отыр. Ең бастысы, өнім көрсеткіші қалпына келді. Міне, осы жұмыстардың бел ортасынан табыла білген Мәлік Жылқышиев ысылды, шыңдалды. 38 жылға тарта еңбек жолында талай соқпақтардан өтті.

- Егер менің алдыма таңдау қойып, қандай мамандықты таңдар едің дейтін болса, мен ойланбастан мұнайшылық дер едім. Себебі. мен үшін бұдан асқан мәртебелі мамандық жоқ. Бала кезден мұнай качалкаларын көріп өстім. Балалық шағым мұнайлы өңірде өтті, бала болып ойнағанда да мұнайшылардың кейпіне түсіп ойнаушы едік. Әкем мен анама ере жүріп, олардың жұмыстарын, мұнайшылардың ауыр еңбегін көріп өстім. Сол кездерде мен мектеп бітірген соң, жоғары білім аламын, мұнайшылардың ауыр еңбегін жеңілдетуге жұмыстанамын, өндірісте озық технологиялар пайдалануға үлес қосамын деп іштей өзімді қайрайтынмын. Мектеп бітірген соң дәл осы балалық арманмен Алматыға бағыт алдым,-дейді «Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директор Мәлік Жылқышиев.

Бала арман жүзеге асып жатқаны емес пе, бүгінде Ембі өндірісінде жаңа әдістер-технология батыл қолға алынуда. Ұлы Жақсыгелді де әкесінен өнеге алып, Қазақстан-Британ техникалық университетін бітіріп, елге оралып, туып-өскен жеріндегі Солтүстік Жолдыбай кенішінде еңбек етуде.

Жолдасқали мен Талшынның үшінші ұлы Өтеміс Жылқышиев бүгінде «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-да Б.Жоламанов атындағы кен алаңында өндіріс шебер болып еңбек етуде. Еңбек жолын туған жері Доссордан, осындағы іргелі ұжым – «Доссормұнайгаз» басқармасында еңбек ете жүріп, еңбектен қол үзбей Атырау политехникалық колледжін, кейін Атырау мұнай-газ университетін сырттай оқып шығады.

***Түйін:*** Жылқышиевтер отбасы Атырау облысы Мақат ауданы бойынша «Мерейлі отбасы» байқауына қатысып, «Парасат отбасы» номинациясын жеңіп алған болатын. Бұл марапат - Жылқышиевтер отбасының сонау 1911 жылдан бастау алған жасампаз еңбектеріне берілген жоғары баға.

# Почему я выбрал профессию нефтяника?

*В преддверии профессионального праздника работников нефтегазового комплекса, мы опросили наших работников, почему они связали жизнь с этой нелегкой профессией?*

**Танат САРСЕНОВ, директор департамента добычи нефти и газа:**



– Я первый нефтяник в семье, отец посвятил всю жизнь медицине, мама работала в системе торговли. На выбор моей профессии повлиял дядя, родной брат отца - Шагадат Сарсенов, который работал на буровой, был главным инженером Прикаспийской разведочной экспедиции. Самое яркое впечатление детства – я во время школьных каникул лечу вместе с дядей на вертолете на месторождение в районе Кульсары. Ощущение романтики во время этого полета, посещение нефтяного месторождения, на котором настоящие мужчины добывали нефть, и позитивный образ любимого дяди предопределили выбор профессии и после окончания школы я принял решение стать нефтяником.

**Амангелді Сүлейменов, «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының басшысы:**



- Мұнайшы мамандығын таңдауыма әкемнің әсері мол болды. Менің әкем Қаратон, Терең-Өзек, Комсомол кен алаңдарында ұзақ жылдар еңбек етті. Бала кезімнен әкемнің, оның қатарластарының жұмыстан бел жазбай еңбек еткендерің, мұнайшылардың, вахталық поселоктардың мәселелерін қалай шешкендіктерін көріп өстім. Кейін әкем партиялық жұмысқа ауысып кетті де, менің мұнайшы болып қалыптасуымда оның әріптестерінің, соның ішінде - майталман мұнайшы Асқар Рзиевтің үлесі мол болды. Аға буынның жұмысқа мол жауапкершілікпен қарауы, өз мамандықтарына деген сүйіспеншілік-мақтаныш сезімдері мен үшін күні бүгінге дейін мәртебелі мұнайшының бейнесін көз алдыма әкеледі.

**Әзидолла Ахметов, өндірісті жедел басқару департаментінің бөлім басшысы:**



- Бұл мамандықты таңдауыма әкем әсері етті. 5 жасымнан бастап әкеме ере жүріп Ембі кен алаңдарын көрдім. Әкем алғашында «Прорвамұнайгаз» басқармасында біраз жыл еңбек етіп, кейін еңбегін «Жайықмұнай» басқармасының кен алаңдарында жалғастырды. Оның қарапайым мұнай-газ өндіруші операторлығынан басталып зейнеткерлік жасқа дейінгі еңбек жолы «Ембімұнайгаз» АҚ өндірістік бөлімшелерінде, мердігер мекемелерде әр деңгейдегі басшылық лауазымдарға ұласты. Оның еңбегіне деген ынтасы менің болашақта Ембі мұнайшысы атануыма үлкен әсер етті.

**Сагида ДЖУМАГАЛИЕВА, начальник отдела сейсмических исследований департамента геологоразведочных работ:**



- Почему я выбрала эту профессию? У меня просто не было иного выбора. Я родилась в Байчунасе, выросла в Доссоре, где меня с детства окружали нефтяные качалки. Мой дед, отец, все братья и сестры посвятили жизнь нефтянке. Наша семья жила в доме из красного кирпича с высокими потолками, который был построен еще английскими нефтепромышленниками. Многим позже появилось такое понятие, как промышленная зона. А в годы моего детства, мы жили в самом центре месторождения. Поэтому, выбор профессии мною был предопределён и делом чести было окончить вуз, начать трудовую деятельность в КазНИПИнефть под руководством известных ученых-геологов М.Н. Коростышевского и Л.А. Поповой. После этого была работа в Актобе, Астане и сегодня в компании, на месторождениях которой я выросла когда-то.

**Малик ЖУНУСОВ, начальник НГДУ «Кайнармунайгаз»:**



- Я вырос в семье педагогов и возможно не стал бы нефтяником, если бы в Исатайском районе не открылось бы месторождение Мартыши. Мое взросление пришлось на начальный период освоения этого месторождения, которое проходило на наших глазах – сюда съезжались специалисты – нефтяники, строились новые объекты, на работу набирали много молодых людей. Поэтому сразу после окончания школы в 1977 году я трудоустроился в одно из строительных подразделений треста «Эмбанефть», где проработал до призыва в армию. Уже тогда я был под сильным впечатлением от работы нефтяников, которые добывали черное золото, невзирая на погодные условия и бытовые трудности. И был счастлив, когда после армии меня приняли на работу на месторождение Камышитовое оператором подземного ремонта скважин. Позже я получил профессиональное образование, окончив Казахский политехнический институт и благодарен судьбе за то, что привела меня когда-то в эту нелегкую, но интересную профессию.

**Сауле БУРАНКУЛОВА, старший геолог отдела разработки НГМ департамента геологии и разработки месторождений:**



- Мой дед и отец – нефтяники. Отец много лет проработал в бурении (БУРБ). Я выросла в п. Сарыкамыс, рядом с месторождениями Прорвы, куда с утра все взрослые уезжали на автобусах. С малых лет меня окружали разговоры о нефтяном производстве, в гостях отец с сослуживцами увлеченно обсуждали нефтяные фонтаны, разбирали аварийные ситуации. Помню, как в детстве с подругой Айман Шалабаевой (она сейчас работает на Прорве), с завистью провожали взглядом женщин – инженеров и геологов Турсын Нуржанову, Бахытжамал Утепову, Тураш Сатиеву, мечтая, что когда-нибудь будем работать, как они. Осознанно я выбрала профессию ближе к окончанию школы, узнавая все больше о нефти и ее значении для экономики страны. После окончания института я несколько лет работала оператором добычи нефти и газа на месторождении Западная Прорва, инженером-технологом ЦИТС, геологом на месторождении С. Нуржанова, ведущим геологом Прорвинской группы месторождений. Я люблю свою работу, считаю ее интересной в разных направлениях ее деятельности. В преддверии профессионального праздника поздравляю всех коллег, желаю всем здоровья, благополучия в семье и новых достижений в работе во благо процветания нашей страны!

**АНЫҚТАМА:**

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е.Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, ***blog_emg@emg.kmgep.kz*** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г куәлігі берілді.
**Меншік иесі:** «Ембімұнайгаз» АҚ
**Шығарушы:** қоғаммен байланыс қызметі
**Бас редактор:** А. Ертлеуова
Газет айына 2 рет шығады.
**Таралымы – 3500 дана**
**Редакцияның мекен-жайы:**
Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.
**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**
Л.Сүлейменова – 8 (7122) 99-34-77, 21-177. L.Suleimenova@emg.kmgep.kz
Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121. G.Karajanova@emg.kmgep.kz
А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309 A.Ertleuova@emg.kmgep.kz

**Редакциялық кеңес:**
Қ. Қасымғалиев - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;
С.Нақпаев - Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;
Т.Сәрсенов - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;
Ж.Мұханғалиев - еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті директорының орынбасары;
Л.Сүлейменова - қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.

**Баспахана:**
«Ақ Жайық» ЖШС
Мекен-жайы: Атырау қ, Балғымбаев қ., 71А
Байланыс телефондары: 27-23-67

## Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері!

Егер Сізге Қоғамның тауарлы-материалдық құндылықтарын ұрлау бойынша дайындалған немесе жасалған немесе орын алған құқық бұзушылықтар, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, ЕМГ немесе мердігер мекемелері қызметкерлерінің сыбайластық және лауазымды өкілеттікті асыра пайдалануы туралы мәлім болса, онда ақпарат, фото немесе бейнежазбаны «WhatsApp» немесе SMS хабарлама арқылы +7 701 775 66 56 нөміріне жіберуіңізге болады.

*Құпиялылыққа кепілдік беріледі.*
*«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті қауіпсіздік және мобилизациялық жұмыстары қызметі.*